

«№23 «Ынтымақ» бөбекжай-бақшасы педагогикалық ұжымының әдістемелік кеңес отырысынын

№1 хаттамасы

12.09.2023 жыл.

Жиналыс төрайымы: Аяшова.Ж.А.

Жиналыс хатшысы: Кайрлиева.Г.С.

Қатысқандар: 18 педагог.

Күн тәртібінде:

1. 2023-2024 оқу жылына әдістемелік кеңес жұмысының мақсат, міндеттерімен танысу.
2. Топ құжаттарын қарау, түзету, бекіту
3. Алдағы өтетін шараларға ұсыным беру.

Тыңдалды: әдіскер Жадыра Ахметқызы бөбекжай-бақша педагогтарын 2023-2024 оқу жылына әдістемелік кеңес жұмысының мақсат, міндеттерімен таныстырды. Топ құжаттарын қарап бекітті. Күн тәртібі бойынша режимдік сәттерді қарады. Балабақшаның жоспарындағы өтетін шараларды оған жауапты педагогтарды өз жұмыстарымен таныстырды. Алдағы жоспарлы шараларды тәрбиешілер бірге талқылады.

Сөйледі: тәрбиеші Айсұлу Нығметоллақызы Балабақшаның мақсат міндеттерімен таныстық. Әр жыл сайын өтетін шаралар мен байқауларға дайындаламыз. Алдағы жұмыс күнімізге сәттілік тілеймін.

Сөйледі: тәрбиеші Мейрамгүл Даулыбайқызы топ құжаттарымының барлығы дайын. Ата-ана жұмыс жоспары бойынша тренинг дөңгелек үстел, сауаланама алдық. Жоспарлы түрде өтеді.

Қаулы етілді:

1. Топтар арасындағы ертеңгіліктер уақытылы өткізілсін.
2. Жанаша бағытта дамытушы ойындар жүргізілсін.

Жиналыс төрайымы:  Аяшова.Ж.А.

Жиналыс хатшысы:  Кайрлиева.Г.С.

«№23 «Ынтымақ» бөбекжай-бақшасы педагогикалық ұжымының әдістемелік кеңес отырысынын

№2 хаттамасы

08.01.2024

Жиналыс төрайымы: Туркистанова.А.К.

Жиналыс хатшысы: Кайрлиева. Г.С.

Қатысқандар: 16 педагог.

Күн тәртібінде:

Тақырыбы: Педагогикалық қызмет барысында тәрбиеленушілерге жүйелі білім беру.

№ 1 әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуы.

1. Кеңес: «Ойын түрлерін пайдалана отырып балалардың тілін дамыту»
2. Жана жыл топтар арасында өткен ертенгілікті қорытындылау.
3. Ұлттық ойындар картотекасын әзірлеу.

Тыңдалды: әдіскер Асем Қайыржанқызы әдістемелік кеңес жоспары бойынша бірінші мәселе бойынша Кеңес: «Ойын түрлерін пайдалана отырып балалардың тілін дамыту». Балаларды ойын түрлерін қолдану арқылы тілін, сөйлеу қабілетін дамытуда карапайым ойындар арқылы үйретудің, жұмбақ, жаңылтпаш, суреттер қарау, ертегіні қиялдаудың, маңызы өте зор. Ойын арқылы баланың ақыл-ойын, киялын, ой ұшырлығын дамытады. Бұл балалардың түрлі сюжетті, дидактикалық және үстел-үсті ойындары арқылы, сөйлем құра білуге қалыптастырады.

Екінші мәселе бойынша Жана жыл топтар арасында өткен ертенгілікті қорытындылау топтар арасында ертенгіліктер кесте бойынша өтті. Кейіпкерлер өз дәрежесінде ролдерді еркін ойнады Жаңа-жылға арналған тақпақтар, өлеңдер, мың бұралған билер биледі. Үшінші мәселе бойынша ұлттық ойындар картотекасын әзірлеу. Біз ұлттық ойындардың картотекасын жинақтап қоюмыз керек. Ұлттық ойындар балалардың ой-өрісін жетілдірумен бірге өз халқының асыл мұраларын бойына сіңіріп, кейінгі ұрпаққа жеткізе білу қажеттілігін арттырудамыз. Ұлттық ойындарды ұйымдастырылған іс-әрекетінде және тәрбие үрдісінде пайдаланудың өзектілігін тарихи даму барысындағы әлеуметтік мәні бар ақпаратта, жаңа технологияны қолдану арқылы ұрпақтан ұрпаққа беріліп отырады.

Сойледі: тәрбиеші: Гүлдана Ұзақбайқызы ұлттық ойын баланың ой-өрісін, сөздік қорын дамыту барысында жұмбақ айтыс, санамақ айту, жаңылтпаш айта білу ойындарын да ұйымдастыруға болады. Ойын қызықты болу үшін ойынды әнмен, күймен безендіріп отыру керек.

Қаулы етілсін:

1. Топтарда ашық есік күндері уақытылы өткізілсін.
2. Ұлттық нақышта корме ұйымдастырылсын.

Жиналыс төрайымы:



Туркистанова.А.К.

Жиналыс хатшысы:



Кайрлиева. Г.С.

**«№23 «Ынтымақ» бөбекжай-бақшасы педагогикалық ұжымының әдістемелік кеңесі
отырысының**

№3 хаттамасы

28.03.2024 ж

Жиналыс төрайымы: Туркистанова.А.Қ.

Жиналыс хатшысы: Кайрлиева.Г.С.

Қатысқандар: 17 педагог.

Күн тәртібінде:

1. Топтардағы ашық есік күнін талқылау
2. «Қош келдің әз Наурыз» атты ертеңгілік қорытындысы.
3. Ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттерді талдау
4. Ұлттық нақышта көрме ата-аналармен балалардың бірлескен жұмысын саралау

Тыңдалды: әдіскер Асем Қайыржанқызы Бірінші мәселе бойынша ашық есік күнін ұйымдастырудың басты мақсаты балабақшадағы күн тәртібі бойынша қызметкерлердің жұмысын корсету, балалармен ұйымдастырылатын іс-әрекеттердің өткізілу барысымен таныстыру. Ашық есік күні барысында ата-аналар күн тәртібінің әртүрлі кезеңдері бойынша топ тәрбиешілерінің ұйымдастырылған іс-әрекеттерімен танысты. Оның ішінде дене шынықтыру ұйымдастырылған іс-әрекеттерімен танысты. Оның ішінде дене шынықтыру нұсқаушысының, музыка, логопед мамандары өз жұмыстарын көрсетті. Ата-аналар күн тәртібінің кезеңдеріне қарай тамақтану, түскі ұйқы, серуен кезінде балалардың көңіл күйлеріне бақылау жүргізілді. Ашық есік күні ата-аналардың бақшаға деген көзқарасытарын өзгертті, өйткені күні бойы бөбекжай-бақшаның жұмыс барысын бақылады.

Екінші мәселе бойынша «Қошкелдің әз Наурыз» атты ертеңгіліктер барлық топтарда өткізілді. Барлық топтардың ата-аналары белсенді қатысты. Үшінші мәселе бойынша ұлттық нақышта көрме ата-аналармен балалардың бірлескен жұмысы бойынша «Еркем-ай» тобының тәрбиеленушісі ең үздік деп танылды. Нұрболат Көркем бас жүлдеге ие болды. Барлық қатысушыларға Алғыс хатпен жүлделі орындар иеленді.

Сойледі: біздің топтан қатысқан балалардың жұмысы бағаланып, алғыс хаттармен марапатталды. Алдағы уақытта да байқаулар болса ата-ана қатыспақшы.

Қаулы етілсін:

Бөбекжай-бақшадағы шаралар уақытылы өткізілсін.

Жазғы сауықтыру шынықтыру жоспары жасақталсын.

Жиналыс төрайымы:  Туркистанова.А.Қ.

Жиналыс хатшысы:  Кайрлиева.Г.С.

«№23 «Ынтамақ» бөбекжай-бақшасы педагогикалық ұжымының әдістемелік кеңесі отырысының

№ 4 хаттамасы

21.05.2024 ж

Жиналыс төрайымы: Кусайнова.С.К.

Жиналыс хатшысы: Кайрлиева.Г.С.

Қатысқандар: 15

Күн тәртібінде:

1. Бөбекжай-бақшада өткізілген шаралар мен жұмыстардың қорытындысы.
2. Экологиялық тәрбие бөбекжай-бақшада.
3. «Жазғы сауықтыру-шынықтыру шараларының жоспарын жасақтау.
4. Оқу жылының жұмысы қорытындысы нәтижесінде марапаттауға ұсынатын педагогтар кандидатурасын карау
5. 2023-2024 оқу жылына әдістемелік жұмысты жоспарлау, пікір алмасу, ұсыныстар, міндеттер, қызметтің негізгі бағыттары.

Тыңдалды: әдіскер Салтанат Қамуқызы бөбекжай-бақшада оқу жылын қортындыласақ, жыл бойы жоспардағы бекітілген іс-шаралар мен байқаулар уақытылы өткізілді. Бөбекжай-бақшадағы экологиялық тәрбие бойынша жұмыстар белсенді жүргізілді. Топтарда толықтырады. Жыл гербарий қортындысы жинақталды. Табиғат бұрыштары жақсы жетістіктермен көбейіп толықтырылды. Жыл қортындысы жақсы жетістіктермен көбейіп келеді. Тәрбиешілер көптеген сайыстараға қатысып, жүлделі орындармен марапатталды. Оқу жылының жұмысы қорытындысы нәтижесінде марапаттауға ұсынатын педагогтар кандидатурасы қаралды. Балабақша әкімшілігі жанынан марапаттарға ұсынылды. Жазғы сауықтыру-шынықтыру шараларының жоспарлары балалардың жас ерекшеліктеріне қарай жүргізілу қажет.

Сойледі: психолог Асыл Санатқызы жазғы сауықтыру шынықтыру шараларының жоспарын жасақтау бойынша әдістемелік нұсқаулықты пайдаланамыз. Нұсқаулықта қандай шаралар өткізу қажет екені толықтай берілген. Жас ерекшеліктерін ескереміз. Жыл қортындысы бойынша марапаттарға ұсынылатын педагогтар үшін қуаныштымыз. Еңбектері елене берсін.

Қаулы етілсін:

1. Топтарды жазғы сауықтыру шынықтыру шаралары уақытылы орындалсын.
2. Тәрбиешілер марапатқа ұсынылсын.

Жиналыс төрайымы:  Кусайнова.С.К.

Жиналыс хатшысы:  Кайрлиева.Г.С.

